

ҒТАМР 10.07.23.

Байсултанов А.Б., Болат А.А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Baisul@mail.ru

ЕСІРТКІ, ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫ, СОЛ ТЕКТЕСТЕРДІ ТҰТЫНУҒА КӨНДІРУДІҢ ОБЪЕКТИВТІ ЖАҒЫН АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Ұсынылған ғылыми мақалада Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 299-бабымен көзделген «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға көндіру» қылмысының объективті жағы қарастырылған. Мақала авторлары бірқатар заң және арнайы әдебиет көздерін, нормативтік-құқықтық актілерді және сот тәжірибесінің материалдарын пайдалана отырып, пікірталас туғызатын мәселелер бойынша осы қылмыстың объективтік жағын анықтау жөнінде өз пікірлері мен ұсыныстарын берген.

Негізгі сөздер: Есірткі заттар, психотроптық заттар, сол тектестер, тұтыну, көндіру, физикалық әсер ету, психикалық мәжбүрлеу.

Бүгінгі күні қазақстандық қоғамның алдында тұрған көптеген мәселелер арасында халықтың денсаулығына және жалпы ұлттық қауіпсіздікке төнетін жаһандық қауіп ретінде есірткі бизнесі мен нашақорлықтың өсу мәселесі барған сайын алғашқы орындардың біріне шығуда. Нашақорлықтың қауіптілігі заңсыз есірткі тұтынатын тұлғалардың өмірі мен денсаулығына келетін залалмен қатар, ел экономикасының өркендеуіне қатерлі кеселін тигізу мүмкіндігінде.

Криминологиялық теория әлеуметтік биология ғылымымен үйлесім тапқан жағдайда ғана табысты дами алады, себебі оларды ортақ мәселе – адам болмысын зерттеу мәселесі біріктіреді [1,6.191]. Осыған орай, аталмыш мәселемен кешенді түрде айналысу қажет. Бұл мәселе төңірегінде ғылыми зерттеулер мен қатар, заңгерлер, психологтар, педагогтар, биологтар әрекеттерінің бірлігі де қажет.

Есірткі заттары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымын тұмшалау және оларды тұтынушылардың санын тежеу мақсатында елімізде әртүрлі қылмыстық-құқықтық ықпал ету, атап айтқанда, есірткі заттары мен жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндірумен айналысатын тұлғалардың әрекетін ауыздықтауға бағытталған шаралар жүзеге асырылуда.

Есірткі заттары мен жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну медициналық көрсетілімдер негізінде дәрігердің тағайындауы бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Осы мән-жайды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 299-бабымен көзделген қылмыстың объективті жағы ретінде

«есірткі тұтынуға көндіру» түсінігімен қамтылатын іс-әрекеттер танылады, өйткені, оларды заңды түрде тұтыну мемлекеттің арнайы бақылауында болады.

Нашақорлық саласында қоғамымыздың ерекше көңіл аударатын мәселелерінің бірі, есірткіні заңсыз таратушылардың көбеюі. Бұл «кәсіппен» тек қана бұрын қылмыс жасаған адамдар емес, сондай-ақ осыған дейін ала жіпті аттамайтын азаматтарымыз да айналыса бастады. Нарықтық экономикалық қатынастардың кейбір ерекшеліктері, халқымыздың жаңа өмір салтына дайындығының аздығы, бұл есірткілерге байланысты қылмыстардың өсу себебінің бірі болды.

Н.М. Әбдіровтың айтуынша, есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға қайсібір адамды көндіру, біз суреттегендей, ықылас емес. Шындығында, көп сатылы көп өнімділікті көндірудің басты мақсаты – тұрақты есірткі өткізетін рынок құру, сонымен қатар тыйым салынған іс-әрекеттерінің бүркеу мәселесін шешуге байланысты, өкіметтің ресми жүйесінің өкілдерін өздеріне тәуелді ету [2,6.22].

Есірткі заттардың түсінігіне келетін болсақ, есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс-қимыл шаралары туралы 1998 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1 тарауында есірткі заттардың ұғымы берілген. Онда есірткі заттарға Қазақстан Республикасының заңдарына, 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға сәйкес бақылау жасалуға тиісті. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне синтетикалық немесе табиғи тектес заттар енгізілген. Ал есірткілер есірткі немесе психотроптық заттар деп жіктелген, оларды шектен тыс пайдаланғанда туындауы мүмкін зардаптарына байланысты халықтың денсаулығы үшін ықтимал қаупі бар есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиіс өсімдіктер, заттар немесе препараттар енгізілген [2]. Осы ұғымдар, белгілер, есірткі заттардың және құрамында есірткі бар өсімдіктердің қасиеттері ҚР ҚК-нің 296-299-бабында көрсетілген қылмыстардың жасалуына себеп-салдар болып табылады.

Қылмыстық іс-әрекет – адамның қылығы. Олай болатын болса, қылмыскердің жеке басын, жасаған іс-әрекетіндегі ниетін, мақсатын нақтылап қарамай, адамның қылығын анықтау мүмкін емес. Сонымен қатар, қылмыскердің іс-әрекетіндегі ішкі көрінісін, мінез-құлқын тұжырымдап қарау қажет. Іс-әрекет – адам мінез-құлқының сыртқа шыққан шынайы көрінісі болып табылады. Сондықтан да ол адамның ниеті, пікірі, ойы қаншалықты зиянды болғанымен, ол белгілі бір іс-әрекетпен ұштаспаса, адам қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды [4,6.54]. Іс-әрекет біз қоршаған ортаға белсенді әсер ету қасиетіне ие бола отырып, заттарға, сыртқы ортаның қозғалысына физикалық, сондай-ақ психикалық (интеллектуалдық) өзгерістер жасауға қабілетті. Сондықтан да дене қозғалысы сыртқы ортаға физикалық және психикалық өзгерістер келтіреді. Психикалық өзгерістер адамның

психикасына әсер ете алатын қабілеті бар сөзден, ишарат, ымдау көрінісінен тұратын адам органының әртүрлі формалы қозғалысында болады. Бұл есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндіру әрекетінің психикалық әсеріндегі формаларынан (сөзінен және іс-қимылдарынан) көрінеді. Келесі әрекет адам органының қозғалу формасындағы физикалық әсерінде. Бастапқысы да және соңғысы да сыртқы ортаға өзгерістер келтіретін көндірудің негізгі екі формасынан танылады: олар сендіру және мәжбүрлеу. Сендіру арқылы жүзеге асатын көндіру психикалық әсермен басқа адамның есірткі қабылдауға деген сезімін ояту ынтасын қоздыруға бағытталған алдау, ұсыну, ақыл беру, т.б. іс-әрекеттерінің жасалуынан көрінеді. Мәжбүрлеу жолымен көндіру – есірткі тұтындыруға көндіру мақсатымен тартылған адамның еркін психикалық немесе физикалық әсер ету арқылы өзіне бағындыру. Бұлар – қорқыту, алдау, бостандығын шектеу, сабау, азаптау, ұру, қинау, әртүрлі дәрежедегі денеге жарақат салу, және тағы да басқа зорлық әрекеттер. Бұл баппен қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін осы көрсетілген әрекет бір рет болса да жетіп жатыр [5].

Әрі қарай қылмыстың объективтік жағын толық анықтау үшін алдымен «көндіру» деген сөздің мағынасын білу керек. 1998 жылғы 14 мамырындағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты пленумының «Есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы» қаулысында: «Есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттарды пайдалануға көндіру деп, басқа тұлғалардың оларды тұтынуға ниетін қоздыруға бағытталған кез-келген қасақана әрекетін (үгіттеу, ұсыныс жасау, ақыл беру, адастыру, алдау, қорқыту) түсіну керек» делінген [5].

Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндіру барысындағы қоғамға қауіптілігі жөнінен екінші нысан – есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға мәжбүрлеу.

Осы мәжбүрлеу нысанына, яғни, күш қолдану жолымен көндіруге байланысты В.И. Ткаченко: егер де көндіру денеге ауыр жарақат салумен жалғасқан болса, онда кінәлінің әрекетін екі баптың жиынтығымен қарап және кінәсінің бағытталған тәуелдігіне қатысты жәбірленушінің өліміне әкеліп соқтырса, онда басқа да қосымша қылмыстық жауаптылық қараған баптардың жиынтығымен жауапқа тарту керек дейді [6,6.78].

Келесі көңіл аударатын мәселе – қылмыстық заңдағы есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндіргенде күш қолдануға, одан туатын зардаптарға және осы әрекеттің нәтижесінде абайсызда адам өліміне әкеп соққан немесе басқа да ауыр зардаптарға байланысты. Зардаптардың тар түрдегі түсінігінің қылмыстың барлық құрамдарын материалдық және формальдық деп бөлуде және құрастыруда тәжірибелік зор мәні бар, ол нақты бір қылмыстың аяқталу мерзімін дәл анықтауға және оны дұрыс саралауға мүмкіндік береді. Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндіргенге дейінгі адамның ойы, мақсаты,

есірткіні тұтынғаннан кейін болатын өмірді, хал-жағдайын, күйін мадақтау және басқа да әрекеттер дербес өзінен өзі қылмыс болмайды. Себебі олар басқа адамдарды қоғамға қарсы жат қылықтарға есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндірумен жалғаспаған. Олар аяқталған қылмыстың құрамын құрамайды немесе дәлелдеу мүмкін емес. Мұндай әрекеттер қасақана тікелей оймен қылмысқа дайындалу немесе оқталу шарттары сақталғанда ғана сараланады.

Қазіргі уақытта есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндіргені үшін қылмыстық жауаптылықты қарайтын норма бар бола тұра, осы норманың нашақорлықтың алдын алуда тиімді пайдаланылмауы, әсіресе, есірткі өткізетін рынок құру, тұтынушылардың шеңберін кеңейту мақсатын көздейтіндерге қарсы бағытталмауы, тиімді қолданылмауы бүгінгі күнде жіберіліп отырған үлкен қателік. Қазіргі кезде есірткі саудагерлерінің есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға мектеп оқушыларын көндіру мақсатымен мектеп маңын көп төңіректеулерін, сондай-ақ қылмыстың бұл түрлеріне орай, есірткі тұтынатын жасөспірімдердің жасы 9-10 жасқа күрт жасарып отырғанын ерекше ескере кетуіміз керек.

Біздің көзқарасымызша, құқық қорғау органдары еліміздегі жастар арасындағы таралып бара жатқан нашақорлықтың алдын алу тиімділігін арттыру үшін, жасы 18-ге толмаған жас қыздар мен ұлдар есірткі заттардың буымен қылмыс жасап немесе есірткі заттардың заңсыз айналымына байланысты басқа да қылмыстар жасап жатқан жағдайда, оларды нашақорлыққа итермелеп есірткі заттарды тұтынуға көндірген адамдарды анықтап, оның жасы қаншада екенін, тұрғылықты жерін біліп, есірткі заттарды тұтынуына қандай жолдармен (мәжбүрлеу, сендіру) көндіруді т.б. жағдайларын егжей-тегжейлі анықтауға міндетті. Тіпті оларды анықтап біліп қана қоймай, айыптыларды міндетті түрде қылмыстық жауаптылыққа тартуы қажет.

Елімізде есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға қарсы жаппай тексеріс жүргізуді енгізу керек. Жаппай тексерістің тиімділігі – есірткі тұтынудан адам өзін әлдеқайда алшақ ұстайды. Егер де адам жақсы жұмыс орнына орналасу немесе сақтау үшін, спорттық командаларға ілігу немесе мектептерде оқуларын жалғастыру үшін міндетті түрде наркологиялық бақылаудан өту керегін түсіне білетін болса, онда олардың есірткі тұтынуға көнуі де аз болады. Сонымен қатар, бүгінгі күні нашақорлықтың зияндығын ашып айтып, жиіркендіретін үгіт-насихатты күшейтіп, сондай-ақ, нашақорлыққа әуестеніп, дертке шалдыққандарды толыққанды емдеуден өткізетін орталықтарды да көбейтуіміз керек.

Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға қарсы іс-қимылдар барысында денсаулық сақтау саласы назардан тыс қалмауы тиіс. Өйткені, есірткілік дәрі-дәрмектерді қолдану барысында қылмыстық әрекеттерге жол беріліп жатады. Медициналық қызмет көрсету саласында, нашақор дәрігерлер ерікті немесе еріксіз түрде нашақорлықты таратушылар

болып табылады. Осыған орай, есірткі дәрі – дәрмектермен жұмыс жасайтын медициналық қызметкерлер өте сақ болып, қылмыстық әрекеттерге жол бермеуі қажет, кінәлі қызметкерлер уақытында сотқа беріліп, қылмыстық жауапкершілікке тартылуы қажет [7,6.167].

Бүгінгі күні есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндіруге тек қана нашақорлар ғана емес сонымен қатар есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды өткізетін тұрақты рынок құру және тұтынушылардың шеңберін кеңейту мақсатымен есірткі саудасымен айналысатын адамдар да жеткілікті. Сондықтан жазаның барынша жеке даралығын қамтамасыз ету барысында есірткі заттарды тұтынуға көндіретін адамдардың айырмашылығы мақсатынан көрінетін осы екі санаттағы қылмыскерлерді ескеруді қажет етеді. Бұл талап ҚР ҚК 299-бабында көрсетілген қылмыстарды жасаған адамдарға жазаны қолдану барысында алғышарт болып табылу керек.

Қазіргі кезде біздің мемлекетіміздің алдына қойып отырған саясаттарының бірі – халықтың денсаулығын сақтау және жеке адамды жан-жақты дамыту. Қазақстан Республикасы Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі. Нақ сол саламатты өмір салты ұлт денсаулығының кілті болып саналады» делінген [8]. Есірткіге тосқауыл қою мәселесі ешқашан Елбасы назарынан тыс қалған емес. Ендеше, бұл күн тәртібінен де түспеуі керек. Өйткені, есірткінің артында ел тұр. Ал осынау жаһандық дерттің артында халықтың қасіретіне апарып, соғар қатертұрса, мүлде қол қусырып қарап отыруға болмайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тажғарина Б.К. Жастар арасындағы рухани және өнегелік қасиеттер деңгейін зерделеу // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «Хабаршысы». - Атырау, №1(36), 2015. - 191 б.
2. Абдиров Н.М. Уголовно-правовые меры борьбы с наркотизмом и наркобизнесом в Казахстане // Система и функции правоохранительных органов РК: проблемы и перспективы: Сборник материалов научной теоретико-практической конференций. – Караганда, 1996. - С. 22.
3. «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» 17 шілде 1998 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы.
4. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. - 54 б.
5. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының № 3 қаулысы 14 мамыр 1998 ж. «Есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы».

6. Ткаченко В.И. Преступлений против здоровья населения. – М.: ВЮЗИ, 1983. - С 78.

7. Рустемова Г.Н. Понятие, система и виды правонарушений в сфере медицинского обслуживания населения // Х.Досмұхамедов атындағы АТМУ «Хабаршысы». Атырау, №2(41), 2016. - С.167.

8. Қазақстан Республикасы Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Аннотация

В представленной научной статье рассматривается объективная сторона преступления, предусмотренного статьей 299 Уголовного кодекса Республики Казахстан «Склонение к потреблению наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов». Авторы статьи, используя ряд юридической и специальной литературы, нормативно-правовых актов и материалы судебной практики, излагают свои точки зрения и предложения по спорным вопросам по определению объективной стороны данного преступления.

Ключевые слова: наркотические средства, психотропные вещества, аналоги, потребление, склонение, физическое воздействие, психическое принуждение.

Abstract

In the presented scientific article, the objective side of the crime, provided for in Article 299 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan «Inclusion to the use of narcotic drugs, psychotropic substances, their analogues», is considered. The authors of the article, using a number of legal and special publications, legal acts and materials of judicial practice, present their points of view and proposals on controversial issues to determine the objective side of this crime.

Key words: narcotic drugs, psychotropic substances, analogues, consumption, declension, physical effects, mental coercion.